



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

20.12.2023 № 2-010327-23-100267

23.11.2023ж. №ДС-443

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары, «Ауыл» ХДПП партиясы
фракциясының депутаттарына**

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы депутаттық сауалдарды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

А.ж. 23 сәуірде Бас прокуратура алқа отырысын өткізді (орталық уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сатып алу және құрылыс, реконструкциялау және жол қозғалысы туралы заңнаманың 2012-2022 жылдары автомобиль жолдарын жөндеу, қайта жасау, жөндеу және автомобиль жолдарын күтіп ұстау кезінде жол жүрісі туралы заңнамаларының сақталуын тексеру нәтижелері туралы), нақты шешімдер мен автомобиль өнеркәсібін одан әрі жаңғырту және реформалау мақсатында жол картасы әзірленді және оны іске асыру бойынша жұмыс тобы құрылды (орындалуда).

Республика жолдарындағы өлім-жітім мен жазатайым оқиғаларды азайту мақсатында Бас прокуратураның тапсырмасы бойынша жергілікті прокурорлар уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп рейдтер жүргізді (осы жылдың мамыр айынан қыркүйек айына дейін).

Осы жұмыстардың нәтижесінде 13 034 заң бұзушылық анықталып, 12 690 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды, 644 баннерлер, белгілер, жануарлар мен жаяу жүргіншілердің макеттері орналастырылды, бұқаралық ақпарат құралдарында жолдардағы апатты азайтуға бағытталған 529 түрлі мақала мен бейнероликтер жарияланды.

Сонымен қатар, қоғамдық бірлестіктер Бас прокуратураның қатысуымен «Қауіпсіздік нөмірі 8 700 7272 102» әлеуметтік жобасын іске қосты (осы нөмірге бүкіл республика азаматтары бір ай бойы жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты бейне және фотосуреттерді жіберді. Осы уақыт ішінде жол қозғалысы қағидаларына қатысты бұзушылықтар туралы 113 хабарлама келіп түсті, оның 54-і толығымен жойылды, 16-сы ішінара және 43 уәкілетті органдарға жою үшін жіберіліп, бүгінгі күні жойылды).

Осы іс-шараларды жүргізу барысында жол-көлік оқиғалары мен зардап шеккендер санын 17%-ға, жараланғандар санын 20%-ға азайтуға мүмкіндік туды.

Жалпы, а.ж. 11 айдың қорытындысы бойынша (2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда) еліміздің жолдарында тіркелген жол-көлік оқиғаларының саны 1,5%-ға

(13 407-ден 13 207 дейін) төмендегені байқалады, зардап шеккендер адам – 5,1%-ға (19511-ден 18510-ға дейін), өлім – 0,2%-ға (2230-дан 2226-ға дейін) азайған.

Алматы, Астана және Шымкент қалаларының, Қостанай, Атырау, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарының прокуратуралары (бұл аймақтарда қоғамдық көліктердің қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары ең көп орын алған) жолаушыларды тасымалдауды және техникалық байқауды жүзеге асыратын субъектілерге тексеру жүргізді.

Тексеру барысында жол қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін 3 мыңға жуық заң бұзушылық (Алматыда «Алматыэлектротранс» ЖШС 1590 жүргізушісі белгіленген уақыттан артық жұмыс істейді. Барлық жерде ресми медициналық тексеруден формалды өту, техникалық ақаулары бар автобустарды желіге шығару, сондай-ақ мүгедектерді тасымалдау) анықталды, 382 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

20 техникалық байқау орталығының қызметінде 55 заң бұзушылық анықталып, кінәлі адамдар өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылды (ӘҚБтК-нің 419-бабы).

Баяндалғандарды ескере отырып, а.ж. 28 қыркүйекте Бас прокуратурада Үйлестіру кеңес өткізілді (2022-2023 жылдары жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жақсарту бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаған шаралардың тиімділігі туралы).

Осы іс-шараның қорытындысы бойынша жол қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған мемлекеттік органдармен келісілген ұсыныстар әзірленді.

Атап айтқанда, уәкілетті мемлекеттік органдарға, үздіксіз жүргізу, тахометрлерді пайдалану, көліктің техникалық жағдайы, жол қозғалысы ережелерін бұзу нормаларын сақтау, жол-көлік оқиғасы кезінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бөлігінде автомобильдік жолаушылар тасымалының барлық саласында мемлекеттік бақылауды күшейту, жүргізушілерді даярлау мәселелерін қайта қарау, жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға қатысты «Yandex Taxi» мен «InDriver»-ді ұлттық заңнама талаптарын сақталуын қамтамасыз етудің тиімді тетігін әзірлеу, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілердің заң талаптарын мүлтіксіз сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Сонымен қатар Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті жол-көлік оқиғаларының себептерін зерделеу және жою бойынша (облыстық, аудандық маңызы бар елді мекендердегі жолдардың апатты-қауіпті учаскелерін Апат картасына енгізу жұмыстары жүргізіледі) тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық жұмыс тобын құрды (мүдделі мемлекеттік органдар арасынан).

Жүргізуші куәлігін алу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында автокөлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына 65-тен астам түзетулер енгізілді (мысалы, жалған оқытуды жою мақсатында автомектеп курсанттарын ақпараттық жүйелерде оқыту процесін тіркеу нормалары енгізілді, теориялық және практикалық емтихандарды тапсыру кезінде курсанттарға биометриялық тексеру жүргізіледі, тексеру жабдықтары мен сигналды басу құрылғылары қолданылады).

Көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізу саласындағы бақылауды күшейту үшін көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізуді ұйымдастыру және өткізу, қызмет аймағын айқындау, техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар енгізілді.

Айта кету керек, қолданыстағы заңнамаға сәйкес таксимен тасымалдау үшін оң рульді көліктерді пайдалануға тыйым салынады (таксимен тасымалдау үшін кемінде төрт есігі бар жаппай шығарылған жеңіл автокөліктерді пайдалануға рұқсат етіледі), сонымен қатар оң рульді көліктерді сол жаққа ауыстыруға да жол берілмейді.

Көлік және әкімшілік полиция комитеттерімен 2023-2027 жылдарға арналған автомобиль жолаушылар тасымалы саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша Жол картасы іске асырылуда, оның аясында такси агрегаторлары иелерінің қызметіне бақылау жүргізіледі.

Қабылданған шаралар мен мемлекеттік органдардың бірлескен күш-жігері ЖКО мен жолдағы адам өлімінің санын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді (бұл мәселе Бас прокуратураның бақылауында).

Б. Асыллов

Депутаттар тізімі:

**Е.Б. Саурықовқа
А.А. Баққожаевқа
Н.Г. Арсютинге
Қ.Ж. Абденге
Ж.М. Дайрабаевқа
С.Р. Егізбаевқа
А.Т. Зейнуллинге
Т.Ғ. Серіковке**